Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

# ЕЛ ТІЛЕГІ

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

№41-42 (949-950) Сәрсенбі 15-22 қазан 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti

# Мерейлі мерекеңмен, Қызылорда!






Сол жағалаудағы «Қайсар арена» стадионында Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына және Қала күніне арналған «Мерейлі мерекеңмен,Қызылорда» атты гала-концерт өтті. Оған Абай облысының әкімі Берік Уәли, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстанның Еңбек Ерлері, ғалымдар, өнер майталмандары, республиканың барлық өңірінен келген облыстық мәслихат төрағалары арнайы қатысты.

Мереке бастауындағы астананы Орынбордан Ақмешітке көшіру және Киргиз АКСР-ның Қазақ АКСР деп өзгертілуі, қалаға Қызылорда атауының берілуі, Ақмешітке қарай бағыт алған «Қызыл паравоз», Алаш арыстарының бейнелері, тарих желісінен сабақталған көріністер сол дәуірді көпшіліктің көз алдына әкелгендей әсер қалдырды. Одан кейін экрандағы көріністер жаңарған, жаңғырған Қызылорданың бүгінгі жасампаз келбетіне ауысты.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жұртшылықты мерейлі мерекемен құттықтады.

«Бір ғасыр бұрын Қазақ Республикасының алғашқы астанасы болған Қызылордада мемлекеттігіміздің негізі қаланды. Сол кезеңде қаламыз еліміздің саяси, мәдени-рухани орталығына айналды. Ұлттық өнер мен ғылымның, білім мен баспасөздің алтын қазығы осында қағылды. Шежірелі шаһарымыздың елдік асыл мұраты, жасампаз жолы қалыптасты. Ұлтымызға «қазақ» атауын қайтарып, азат ел болуды аңсаған асқақ арман орындалды. Тілегі мен мақсаты ортақ Алаш арыстары ұлт мүддесі үшін тәуелсіз ел болуға бірікті. «Отан – елдің анасы, Ел – ердің анасы! Сыр – Алаштың анасы!». Жүз жылда бірнеше кезеңді басынан өткерген Қызылорда бүгінгі күні Президентіміздің ерекше қолдауымен сәулетті де әсем қалаға айналып келеді. Сыр өңірі жасарып-жаңарып, өсіп-өркендеуде. Соңғы үш жылда аймақ экономикасына 1 триллион 600 млрд. теңгеге жуық инвестиция тартылды. Облыс бюджеті 851 млрд. 300 млн. теңгеге жетіп, 2022 жылдан бері 233 пайызға өсті. Бұл қаражат аймағымыздың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, тұрғындарымыздың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталды. Ең ғажап қала – ол адамның бақытты болған жері. Баршамызды бақыт құшағына алған Қызылорда – біздің мақтанышымыз. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін! Егемен еліміздің еңсесі биік, Тәуелсіздігі тұғырлы болғай! Мереке құтты болсын, қадірлі жерлестер!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Гала концертте эстрада әншілері Ж.Ысқақова, Г.Оразымбетова, М.Сәдуақасова, Ж.Төлебай «Біздің Қызылорда» әнін шырқады. Сондай-ақ, К.Әлімжан, Т.Төрәлі, О.Нұралиев, тағы басқа өнерпаздар көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Сахна сәні, би қойылымдары мен бейнероликтер, арнайы дайындалған тақырыптық дрон шоу Қала күнінің мазмұнын байыта түсті. Салтанатты шараның шарықтау шегінде мереке аспанын мың бояулы отшашулар жарқыратты.



## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

**«Ел тілегі»** газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

**6 айға – 4500 теңге;**

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:**
**8 705 982 76 61,**
**8 777 752 54 63.**

# ЖӘРМЕҢКЕНІҢ СӘНІ – АУЫЛДЫҢ ДӘМІ

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев егін жинау науқанының аяқталуына орай «Алтын күз-2025» мерекесі аясында облыс орталығында ұйымдастырылған ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесін аралап шықты.**



Жәрмеңкеде барлық аудандар мен Қызылорда қаласының шаруалары өз өнімдерін өндіруші бағасымен ұсынды. Аудандардан 500-ге жуық жүк көлігімен 1000 тоннадан астам өнім жеткізілді.

Сауда сөрелеріне 150 тоннадан астам күріш, 30 тонна ет және 35 тоннадай балық өнімдері, 300 тонна картоп, 300 тоннадан астам көкөніс пен жеміс-жидек, 250 тонна бақша, 10 тоннадай сүт, 10 тоннаға жуық бакалея және кондитер өнімдері, 100 бас тоқты және 30 тонна жем-шөп қойылды. Арал ауданының жәрмеңкесі халыққа ерекше көңіл-күй сыйлады. Әсіресе, тұтынушылар Аралдың балығын алуға кезек тосты. Теңізді өлкенің шаруалары 60 тоннадай өнім әкелген. Атап айтқанда, 15 тонна балық өнімдері, 20 тонна қауын-қарбыз, 4 тонна ет өнімдері, 20 тонна қызанақ, 1 тоннадай сүт, 3 тонна ас тұзы бар.

Сондай-ақ, 40 бас қой мен тоқты жеткізілген.Молшылық мерекесінің жәрмеңкесіне Қазалы ауданының шаруалары 10 тонна күріш, 12 тонна балық, 5 тонна ет, 20 тонна бақша өнімдерін, 7 тонна асқабақ, 15 тонна картоп, 10 тонна пияз, 3 тонна сүт өнімдері, 1 тонна Қазалы кәмпиттерін шығарды.

Қармақшы ауданынан 40 көлікке тиелген 100 тонннаға жуық өнім келген. Сатылымда 20 тонна күріш, 1,5 тонна балық, 30 тонна көкөніс, 25 тоннадай бақша, 10 тонна қызанақ, 1 тонна ет және кондитер мен сүт өнімдері, мал азығы бар. Ал, Жалағаш ауданының шаруалары 200 тоннаға жуық өнімдерін қала тұрғындарына ұсынды. Атап айтқанда, 40 тонна күріш, 40 тонна картоп, 10 тонна сәбіз, 20 тонна пияз, 20 тонна асқабақ, 30 тонна қауын, қарбыз, 30 тонна көкөніс өнімдері, 3 тоннадан астам ет пен балық өнімдері, 1 тоннадай сүт өнімдері.

Сырдария ауданынан жеткен 50 көлік азық-түлік тауарларына толы. Мұнда тұрғындар қарбыз-қауын, жеміс-жидек, күріш, сүт өнімдері мен балық өнімдерінің саудасын қыздырды. Барлығы 170 тоннадан астам, оның ішінде 25 тонна күріш, 60 тонна картоп, сәбіз, пияз, 10 тонна асқабақ, 40 тонна бақша, 2 тонна ет, сүт өнімдері, 5 тонна көкөніс пен жемістер, 2 тоннадан астам бакалея өнімдері халық сұранысына ие болды. Сонымен қатар, 10 бас қой мен 10 бас тоқты және 30 тонна мал азығын да саудалаушылар көп болды.

Тасбөгет кентінің орталық алаңында шиелілік шаруалар табиғи таза өнімдерін ұсынып, жәрмеңке көркін қыздырды. Мұнда саудаға 150 тоннадан астам өнім қойылған. Атап айтқанда, 20 тоннадан астам күріш, 30 тонна бақша өнімі, 50 тонна картоп, 12 тонна асқабақ, 40 тонна көкөніс, 4 тонна ет, сүт өнімдері, 1 тонна бакалея өнімдері сатылды.

Астана даңғылының бойында орналасқан Жаңақорған ауданының 50 көлігінде 10 тоннаға жуық күріш, 45 тонна картоп, 30 тонна бақша, 60 тоннадан астам көкөніс пен жемістерді саудаға шығарылды. Сондай-ақ, ет, балық, кондитер өнімдері де бар. Сол жағалауға жайғасқан Қызылорда қаласының шаруалары 12 тонна күріш, 8 тонна картоп, 12 тонна ет пен балық өнімдерін, 16 тонна қауын мен қарбыз, 6 тонна асқабақ, 15 тонна көкөніс пен жеміс өнімдерін, 2 тонна кондитер өнімдерін, мал азығын да ұсынды.

Биыл Сыр диқандары күзгі жиын-терімге уақытылы кірісіп, толағай табысқа қол жеткізді. 470 мың тоннаға жуық күріш жиналып, оның әр гектарынан 58,1 центнерден өнім алынды.Дәнді және майлы дақылдар, картоп, көкөніс, бақша өнімдерінен де мол өнім жиналды.

**«Ел тілегі» ақпарат**

# СЫР ЕЛІНДЕГІ ДҮБІРЛІ ДОДА



Қалалық ипподромда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына орай және Қала күні аясында «Алтын күз – 2025» ұлттық ат бәйгесі өтті.

Сыр еліндегі дүбірлі додада еліміздің әр аймағынан келген 70-ке жуық шабандоз бақ сынап, жеңімпаздар анықталды. Атап айтсақ, 5 шақырымдық тай жарыста I орынды Жамбыл облысынан Нұрислам Амангелді, II орынды Шиелі ауданынан Төрехан Бейбарыс, III орынды Жамбыл облысынан Әбіқадыр Санжар жеңіп алды.

11 шақырымдық құнан бәйгеде I орынды Сырдария ауданынан Абдулашим Рамазан,II орынды Шиелі ауданынан Рамазан Нұрлыбекұлы,III орынды Жалағаш ауданынан Рауан Нартайұлы иеленді. 15 шақырымдықтоқ бәйгедеI орын Жамбыл облысынан келген Нұрасыл Танатқа, II орын Алматы облысынан келген Болат Әбдікәрімге, III орын жаңақорғандық Төрехан Сұлтанға бұйырды. 25 шақырымдықаламан бәйгенің I орны Ұлытау облысынан Болат Әбдікәрімге,II орны Жамбыл облысынан Орынбасар Нұрымға, III орны Жамбыл облысынан Мақсат Нұржігітке табысталды.

Жүлделі орын иелеріне ақшалай сертификаттар берілді.

# ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ ОРЫНДАЛДЫ






Аймақ басшысының қолдауымен қала көлемінде жол-көлік инфрақұрылымы дамып, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлер бой көтеріп, абаттандыру жұмыстары жедел жанданды. Құрылыс кластеріне айналған Қызылордада көпір құрылыстары да қарқын алды. Соңғы екі жылда Сыр өңірінің бас шаһарында 3 көпір салынды. Әуежайдан қалаға дейінгі 3 көпір қайта жаңғыртудан және 2 көпір күрделі жөндеуден өтті. Сұлтан Бейбарыс – Жаппасбай батыр көшелеріндегі темір жол үсті көпірі қайта жаңғыртылды. Қазіргі таңда Жанқожа батыр көшесі арқылы теміржол асты өткелі салынуда. Осындай игілікті іс Қызылөзек ауылдық округінде де жалғасын тапты. Тұрғындардың талай жылғы талап-тілегі орындалып, апатты жағдайда тұрған «Қожақ» автомобиль көпірі қайта жаңғыртудан өтіп, бүгін пайдалануға берілді.

Салтанатты рәсімге ел ағалары, ардагерлер, зиялы қауым және ауыл тұрғындары қатысты. Қала әкімі Нұржан Ахатов қайта жаңғырған көпірдің ашылуымен құттықтады.

- Бұл көпірге жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туралы жиі айтылып келді. Сіздердің сол талап-тілектеріңіз бүгін орындалды. Аймақ басшысының қолдауымен облыстық бюджеттен 300 млн. теңгеге жуық қаржы бөлініп, көпір қайта жаңғыртылды. Жаңарған көпір игіліктеріңізге қызмет етсін, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Салтанатты шарада жаңғырту жұмыстарын жүргізген мердігер мекеме «N Строй Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкерлеріне қала әкімі алғыс хат табыстады. Облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Шәменов ауыл халқының қуанышына ортақ екенін айтып, лебізін білдірді. Ауыл ақсақалы жиналғандарға ақ батасы берді.

Айта кету керек, биылдың өзінде Қызылөзек ауылдық округінің инженерлік - инфрақұрылымын дамытуға бюджеттің барлық көздерінен 1 млрд. 600 млн. теңге бөлінді. Оған елдімекеннің электр желілері қайта жаңғыртылуда. Жаңа жол құрылыстары салынып, көшелерге күрделі және орташа жөндеу жүргізілуде. Жарық бағаналары орнатылып, балалар ойын алаңының құрылысы басталуда. Ауылдық округті көгілдір отынмен қамту мақсатында 26 млн. теңгеге газдандырудың жоба - сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамаға жолданды.



# БАЛАНЫ ҚУАНТҚАН БІР БАҚЫТ

**Баланың игілігі мен жарқын болашағы үшін жасалған жұмыс олардың жан-жақты дамуына және қабілетін шыңдауына мүмкіндік береді. Оның жарқын дәлелі – бүгін Сырдарияның сол жағалауынан 325 орындық «Medina Kids Academy» жеке бөбекжай балабақшасы ашылды.**

Салтанатты шараға қаланың игі-жақсылары, ардагерлер, тұрғындар қатысып, заманауи ғимаратта бөбектердің күміс күлкісі көбейсін деген тілектерін айтты. Өз кезегінде шаһар басшысы Нұржан Ахатов жаңа бала бақшаның іске қосылуымен құттықтады.

– Бүгін ерекше күн. Өйткені бүгін барша қызылордалықтар сүйікті қаламыздың құрметіне арналған «Қала күні» мерекесін атап өтуде. Осы айтулы мерекеде қаламыздың кішкентай тұрғындарына мерекелік тарту ретінде 325 орындық «Medina Kids Academy» жеке бөбекжай балабақшасы пайдалануға берілуде. Осындай ертегі әлеміндегідей әсем сарайды тұрғызып, балаларға қуаныш сыйлап отырған кәсіп иесіне алғысымды айтамын. Бүлдіршіндеріміздің бақыт-шапағатына бөленіп, балғын балалықтың базарында өмір сүрулеріне жағдай жасау біздің басты мақсат-міндеттеріміздің бірі.

Сыр елінің бас шаһары – Қызылорда тек экономикалық озық аймақ қана емес, сонымен қатар, тұрғындарының сапалы өмір сүруіне әлеуметтік тұрғыдан жағдай жасалған, әсіресе балалар болашағына арналған қала, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Өңірімізде ел Президентінің, Үкіметтің қолдауымен және облыс әкімінің үйлестіруімен барлық салада тың бастамалар мен жарқын жобалар сәтті жүзеге асуда. Әсіресе, білім саласында ілкімді істер легі жетерлік. Оның нақты дәлелі – бас шаһарда 350 орындық «Оқушылар сарайы» пайдалануға берілді. Физика - математика бағытындағы мектеп - интернаты алғашқы келушілерін қабылдады. «Инновациялық шығармашылық орталығы», «Үстел теннисі», 650 орындық жаңа музыкалық колледж қызылордалықтар үшін толымды тарту болды.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептер» идеясы білім саласындағы бірегей ұлттық жобаға айналып, облыс орталығынан заманауи үлгідегі 4 мектеп салынса, жақын күндері тағы бір білім ұясы ел игілігіне табысталатын болады.

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ҚҰҚЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Ел дамуының басты қозғаушы күші – әділ әрі сапалы мемлекеттік басқару секторы. Ал осы жүйенің негізі – өз ісіне адал, білікті мемлекеттік қызметшілер. Жауапкершілік жүгін арқалаған бұл мамандардың құқығы қалай қорғалады?

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінде мемлекеттік қызмет саласындағы бақылауды жүзеге асыру функциясы енгізілген. Бұл ретте, азаматтармен бірге мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарын қорғау, ал бұзылған жағдайда қалпына келтіру жұмыстары Департаментпен жүзеге асырылып келеді. Әрине, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруда мемлекеттік қызметшілердің меритократия қағидаттары негізінде өз еңбегіне сай мансаптық өсу мүмкіндігімен қатар олардың моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады. Дегенмен, мемлекеттік қызметшілердің қызметі Әдеп кодексінде белгіленген талаптар аясында жүзеге асыру қажеттілігіне қарамастан, соңғы кезде мемлекеттік қызметшілер тарапынан әдеп нормаларын бұзу деректері әлі де орын алуда. Мысалы, мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссиялардың жұмысына жүргізілген талдау нәтижесімен 2025 жылдың 9 айында488 мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолданылған. Оның ішінде, жергілікті атқарушы органдарда 386, орталық органдардың аумақтық бөлімшелерінде 102 мемлекеттік қызметші тәртіптік жаупкершілікке тартылған.

Тәртіптік жауапкершілікке тартылғандардың қатарында қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін 7, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін 7 қызметші бар. Аумақтық департаментпен 2025 жылдың 9 айында24 тексеру жүргізілді, оның ішінде 7 жоспарлы және 17 жоспардан тыс, нәтижесінде419 заң бұзушылықтар анықталды. Бұзушылықтарды жою туралы 11 ұсынулар енгізіліп, 27 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Мысалы, аз. А.Т-ның жолданымы негізінде Ақсуат ауылдық округі әкімі аппаратына жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Тексеру нәтижесімен, Ақсуат ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманына негізсіз тәртіптік жаза қолданылғандығы анықталды. Департаментпен енгізілген ұсынудың нәтижесімен Ақсуат ауылдық округі әкімінің 09.07.2025 жылғы өкімнің күші жойылды.

Сонымен қатар, жоспарлы тексеру нәтижелерімен 17 мемлекеттік қызметшілерге іссапарлар кезіндегі кепілдіктері мен өтемақы шығыстары өтелмегендігі анықталды. Департаментпен анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынулар енгізіліп, нәтижесімен 17 мемлекеттік қызметшілерге іссапар шығындары төленді.

Сондай-ақ, Шиелі ауданы әкімі аппаратына жүргізілген жоспарлы тексерумен Талаптан ауылдық округі әкімінің м.а. және Ортақшыл ауылдық округінің бас маманынатәртіптік жаза қолдану барысында Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану» Қағидаларының талаптары сақталмағандығы анықталды.

Департаментпен енгізілген ұсынудың нәтижесімен тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтардың күші жойылып, бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Бұдан бөлек, Департаментпен мемлекеттік органдардың тәртіптік тәжірибесіне тоқсан сайын талдау жұмыстары жүргізіліп келеді. 2025 жылдың 9 айында талдаудың нәтижесімен 17 мемлекеттік қызметшіге қатысты заңсыз қабылданған бұйрықтардың күші жойылып, олардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Жұмыс уақыты режимінің бұзылуының алдын алуға және оған жол бермеу мақсатында 83 мониторинг жүргізіліп, 264 үстеме жұмыс жасау дерегі анықталды. Департаменттің хаты негізінде 264 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, оларға 437 демалыс сағаттары берілді. Сондай-ақ, Департаментпен 2025 жылдың сәуір-мамыр айларында 2024 жылдың қорытындысымен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне сыйақы беруде заңдылықтардың сақталуына талдау жүргізілді. Талдау нәтижесімен 6 мемлекеттік қызметшіге негізсіз сыйақы берілмегендігі анықталып, олардың құқықтарының бұзылуына жол берілгендігі анықталды. Аталған мәселе, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесте қаралып, қабылданған шешім негізінде 6 мемлекеттік қызметшіге сыйақы төленді.

Департамент алдағы уақытта да өз міндеттеріне сәйкес мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалардың сақталуын бақылаумен қатар азаматтар мен мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарының бұзылмауын қадағалайтын болады.

**Е.Ж.МЕНДАЛИЕВ**
**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы,**
**Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы**

# ӘДЕПТІЛІК - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ҰСТАНЫМЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптасқаннан бері мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен қатар, олардың әдептілігі маңызды, себебі әдептілік мемлекеттік қызметтің басты ұстанымдарының бірі болып табылады. Мемлекеттік басқаруды жаңаша ұйымдастыру - Жаңа Қазақстанды қалыптастыру жолындағы басты фактор. Қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттырып, халықпен кері байланысты жақсарту, адамға бағдарланған мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру бағытында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығыменмемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі де жаңа редакцияда бекітілді.

Бұл Кодекс қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Кодекстің жаңа редакциясында «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары» деп аталатын тарау енгізіліп отыр. Осыған сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі алты қағидатқа, яғни адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық, клиентке бағдарлану деген қағидаттарға негізделген. Сонымен қатар, жаңа Әдеп кодексінде мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары мен мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттары бекітіліп, оны насихаттау мен бұзушылықтардың профилактикасында Әдеп жөніндегі кеңестің және Әдеп жөніндегі уәкілдердің рөлінің маңыздылығы артты.

Биылғы жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің8 отырысы өткізіліп, 44 мәселе күн тәртібіне шығарылды. Қаралған мәселелердің 16-сы тәртіптік істер болса, 28-і бұзушылықтардың профилактикасына бағытталды. Тәртіптік істерді қарау нәтижелерімен 2 тәртіптік іс тоқтатылса, Әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін 3 мемлекеттік қызметші, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол бергені үшін 11 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершіліктерге тартылды.

Жалпы, мемлекеттік қызметшілердің жұмысына баға беретін халық. Сондықтан, әрбір мемлекеттік қызметші, ең әуелі халыққа қызмет ететінін естен шығармай, өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығын, әділдігін қамтамасыз етуге, қызмет барысында әдептілік нормаларын қатаң сақтауды, өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан сынға ұшырамауды жәнемемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмеу керектігін назардан шығармауы тиіс.

**Талғат НУРТАЕВ,**
**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметістері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің**
**Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы**




# «ҮЗДІК АУЛА»

## БАЙҚАУЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

**«Қала күні» мерекесі аясында өткен «Бақ-ырыстың арнасы – Қызылордам!» ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесінде дәстүрлі «Үздік аула» байқауының жеңімпаздары марапатталды. Шаһарды жасыл-желекке айналдыру бағытындағы жұмыстарға өз үлестерін аянбай қосып келе жатқан қала тұрғындарын ынталандыруды мақсат еткен бұл байқау 2018 жылдан бастап ұйымдастырылып келеді. Аталған байқаудың жеңімпаздарына қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев қала әкімінің дипломын және қаржылай сыйақыларын табыстады.**

Биыл сегізінші мәрте өткізілген «Үздік аула» байқауына қатысуға оннан аса аула өтінім білдірді. Байқау үздіктерінің ішінен З. Шүкіров көшесі, №100Г үйдің тұрғыны Сәлима Көптілеуқызының ауласы комиссия шешімімен басым дауысқа ие болып, жеңімпаз атанып, 200 мың теңге қаржылай сертификатқа ие болды. II орынды (150 мың теңге қаржылай сертификаты) Қорқыт ата көшесі, № 239 үй тұрғыны Зайнап Бакирқызы иемденсе, ал III орын (100 мың теңге қаржылай сертификаты) – Әйтеке би көшесі, №27 үй тұрғыны Валентина Алексеевнаға бұйырды.

«Бірлігі жарасқан аула» номинациясымен Байсеитова көшесі, №100 тұрғын үй тұрғыны Светлана Анатольевна, «Еңбекқор бағбан» номинациясымен «Шұғыла» мөлтек ауданы, № 27 тұрғын үй тұрғыны Күлзираш Әлібекқызы және «Әсем аула» номинациясымен «Шұғыла» мөлтек ауданы, №30 тұрғын үй тұрғыны Гүлсім Мәліккызы марапатталды. Марапат иелеріне 70 мың теңге қаржылай сертификаттары табысталды.

Шарада Қызылорда қаласының тазалығын қамтамасыз етуде тынбай еңбек етіп жүрген тазалық қызметкерлері де марапатталып, қала әкімінің «Алғысы» мен 70 мың теңге қаржылай сертификаттары табысталды. Айта кету керек, жеңімпаз атанған тұрғын үй ауласына «Үздік аула - 2025» тақтайшасы орнатылды. Көпқабатты тұрғын үй ауласын өз еңбектерімен жасыл-желекке айналдырып, сүйікті қаламыздың көгалдануына белсенді үлесін қосып жүрген барлық қатысушыларға алғыс білдіреміз!

**Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 21 қазандағы № 2887 қаулысы**

## Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына, «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі № 1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда облысы әкімдігінің «Өндіріс» индустриялық аймағын кеңейту және инфрақұрылымды дамыту мәселелері туралы» 2025 жылғы 30 қаңтардағы № 09-10/4/622-и хаттамалық тапсырмасының негізінде, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иесі Айтжанова Пернегулдің Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылдық округі, Қызылжарма ауылы, Башпай қонысы, № 36 жер телімі мекенжайында орналасқан көлемі 6,0 (алты) гектар шаруа шаруашылығын жүргізу үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-032-1321) жер учаскесін Қызылорда қаласы, «Өндіріс» индустриялық аймағын кеңейту үшін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 22 қаңтар болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жариялансын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскесінің меншік иесін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда қаласының әкімі Н. Ахатов**

**Постановление акимата города от 21 октября 2025 года № 2887**

## О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», Постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2019 года № 374 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 июля 2009 года № 1087 «О генеральном плане города Кызылорды Кызылординской области», а также на основании протокольного поручения акимата Кызылординской области «О проблемах расширения индустриальной зоны «Ондирис» и развития инфраструктуры» № 09-10/4/622-и от 30 января 2025 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с изъятием для расширения индустриальной зоны «Ондирис» города Кызылорда у собственника Айтжановой Пернегул расположенный по адресу: город Кызылорда, сельский округ Кызылжарминский, село Кызылжарма, урочище Башпай, земельный участок № 36, площадью 6,0 (шесть) гектаров (кадастровый номер 10-156-032-1321) для ведения крестьянского хозяйства.

2. Датой принудительного отчуждения определить 22 января 2026 года.

3. Местом обращения собственника земельного участка определить: город Кызылорда, улица Конысбек Казантаева, № 43, кабинет № 13.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

**Аким города Кызылорда Н. Ахатов**

**Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 21 қазандағы № 2888 қаулысы**

## Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, «Қызылорда қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 18 қыркүйектегі № 01-03/1108 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мемлекеттік емес жер пайдаланушы «NazDarMed» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жеке меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Сол жағалау шағын ауданы, № 76 құрылыс мекенжайында орналасқан көлемі 3000,0 (үш мың) шаршы метр отбасылық медицина орталығы үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-086-077) жер учаскесінен қажетті көлемі 1400,0 (бір мың төрт жүз) шаршы метр бөлігін стадион құрылысына автотұрақ салу үшін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 22 қаңтар болып белгіленсін.

3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жариялансын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда қаласының әкімі Н. Ахатов**

**Постановление акимата города от 21 октября 2025 года № 2888**

## О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог» акимата города Кызылорда № 01-03/1108 от 18 сентября 2025 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с изъятием для строительства автостоянки к стадиону принадлежащего на праве частной собственности негосударственному землепользователю товариществу с ограниченной ответственностью «NazDarMed», расположенный по адресу: город Кызылорда, микрорайон Левый берег, строение №76 (кадастровый номер 10-156-086-077), необходимой площадью 1400,0 (одна тысяча четыреста) квадратных метров с общей площадью 3000,0 (три тысячи) квадратных метров для центра семейной медицины.

2. Датой принудительного отчуждения определить 22 января 2026 года.

3. Местом обращения собственников или негосударственных землепользователей, определить: город Кызылорда, улица Конысбек Казантаева, № 43, кабинет № 13.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

**Аким города Кызылорда Н. Ахатов**

**Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 21 қазандағы № 2885 қаулысы**

## Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2025 жылғы 15 тамыздағы № 04-1489 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иесі Пржанов Кайрат Жулдузбаевичтің жеке меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Алтыбай Сағымбаев көшесі, № 94 үй мекенжайында орналасқан жалпы көлемі 4500,0 (төрт мың бес жүз) шаршы метр ғимарат құрылысы және оған қызмет көрсету үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-024-1392) жер учаскесінің қажетті көлемі 260,0 (екі жүз алпыс) шаршы метр бөлігінің астынан екі жүйелі қысымды кәріз су құбыры және ауыз су құбыры өтуіне байланысты мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 22 қаңтар болып белгіленсін.

3. Жер учаскесінің меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жариялансын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда қаласының әкімі Н. Ахатов**

**Постановление акимата города от 21 октября 2025 года № 2885**

## О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» а также рассмотрев письмо государственного коммунального предприятия на праве хозяйственного ведения «Кызылорда су жуйесы» № 04-1489 от 15 августа 2025 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с прохождением двухсетевого напорного канализационного трубопровода и водопровода у собственника Пржанова Кайрата Жулдузбаевича на праве частной собственности, расположенный по адресу: город Кызылорда, улица Алтыбай Сагымбаева, дом № 94 (кадастровый номер 10-156-024-1392), необходимой площадью 260,0 (двести шестьдесят) квадратных метров с общей площадью 4500,0 (четыре тысячи пятьсот) квадратных метров для строительства и обслуживание зданий.

2. Датой принудительного отчуждения определить 22 января 2026 года.

3. Местом обращения собственника земельного участка определить: город Кызылорда, улица Конысбек Казантаева, № 43, кабинет № 13.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

**Аким города Кызылорда Н. Ахатов**

**Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 21 қазандағы № 2886 қаулысы**

## «Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 18 сәуірдегі № 1800 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 37-бабына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 18 сәуірдегі № 1800 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 1-тармағының қосымшасындағы реттік нөмірі

5-қатарындағы «Маубаев Ургенишбай Жетесович» деген сөздер «Рахметалиева Калдыбике» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 22 қаңтар болып белгіленсін.

3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жариялансын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда қаласының әкімі Н. Ахатов**

**Постановление акимата города от 21 октября 2025 года № 2886**

## О внесении изменения в постановление акимата города Кызылорда № 1800 от 18 апреля 2025 года «О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд»

В соответствии со статьей 37 Закона «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Внести в постановление акимата города Кызылорда № 1800 от 18 апреля 2025 года «О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд», следующее изменение:

в строке под порядковым номером 5 в приложении пункта 1 указанного постановления слова «Маубаев Ургенишбай Жетесович» заменить словами «Рахметалиева Калдыбике».

2. Датой принудительного отчуждения определить 22 января 2026 года.

3. Местом обращения собственника или негосударственного землепользователя, определить: город Кызылорда, улица Конысбек Казантаева, №43, кабинет №13.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

**Аким города Кызылорда Н. Ахатов**

# ЖЕМҚОРЛЫҚ ҒАСЫР ДЕРТІ




«Сыбайлас жемқорлық» - деген түсінік мағынасына этимологиялық тұрғысында қарау, мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға, пара сатып алу» -деген түсінік бергенде, құқыққа қарсы іс – әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас – жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипатталады.

Қоғамдағы лауазымдық өкілеттілікті асыра пайдалануды, билік етуді немесе лауазымдық өкілеттілікті арттыру, қызметтік жалғандық, сеніп тапсырылған мүліктерді ұрлау және иелену, біле тұра өтірік айғақ көрсетуді, куәларды, жәбірленушілерді немесе сарапшыларды сатып алу, сот шешімдерін, үкімдерін және басқаларды лауазымдық тұлғалардың орындамауы, сыбайласқан байланыстарды қолдау жиі кездесетінін көрсетіп отыр.Қарапайым түсінік бойынша бәрінен бұрын сыбайлас жемқорлықты мемлекеттік қызметпен байланыстырады. Бар беталысқа қарамастан және басқа салада – үкімет билігі және жеке кәсіпкерлердің әкімшілігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы таратуда – мемлекеттік лауазымдық тұлғалар арасында сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағытталған заң аса егжей – тегжейлі әзірленген. Шынында да мемлекеттік қызметшілер анағұрлым ауқымды дискрециялық өкілеттілікті иелене және көбінде бақылаусыз әрекет ете отырып, өз мүдделерінде және мемлекеттік мүддесіне қарамастан лауазымдық мансаптығын қолданудың барлық мүмкіндігін иелене алады.

ҚР «Сыбайлас – жемқорлықпен күрес туралы» заңы сыбайлас – жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: «...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай – ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай – ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу» Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 366-367 баптар бойынша пара алу және пара беру.

1.Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның не лауазымды адамның, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамының пара берушінің немесе оның өкілі болған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал жасай алатын болса, сол сияқты жалпы қамқорлығы немесе жол берушілігі үшін өзіне немесе басқа адамдарға ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік, мүлікке құқық немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы–мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен елу еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

367-бап1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға не оған теңестірілген адамға немесе жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамға не лауазымды адамға, сол сияқты шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамына жеке өзіне немесе делдал арқылы пара беру –мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның жиырма еселенгеннен отыз еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы алғашқы Заң 1998 жылы шықты. Ол заң ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңы деп аталды. 17 жылдан соң 2010 жылы екінші Заң қабылданды. Ол «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңы деп аталды

Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

**Роза НҰРЛАНҚЫЗЫ,**
**Мырзабай ахун ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы**

# Пайдалы қатты қазбаларды өндіруші кәсіпорындарда өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау!

Еліміздің индустриялық дамуы үшін өнеркәсіпте қауіпсіздіктің қатаң сақталуы аса маңызды. Өнеркәсіптегі авариялар экологиялық, материалдық шығындарға, адам өліміне, бүкіл саланың тоқырауына алып келеді. Өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі кәсіпорынның немесе өнеркәсіп саласының табысты дамуының индикаторы ғана емес. Сонымен қатар адамдардың өмір сүру сапасы, қоршаған орта, мемлекеттің технологиялық және инвестициялық мәртебесі өнеркәсіптік қауіпсіздік жүйесіне тікелей байланысты екені белгілі. Осы ретте елімізде өнеркәсіптегі қауіпсіздікті қадағалауда талапететін сала тау-кен өндірісі оның ішінде пайдалы қазбаларды өндіру болып тұр. Пайдалы қаттықазбалар жайлы қысқаша тоқталып кетсек.

Пайдалы қазбалар дегеніміз- химиялық құрамы мен физикалық қасиеттері оларды материалдық өндіріс саласында және тікелей немесе қайта өңделгеннен кейін тұтыну саласында пайдалануға мүмкіндік беретін, пайдалы құрауыштары бар табиғи минералдық түзілімдер мен органикалық заттар. Пайдалы қазбалар үш топқа бөлінеді:1) жерасты сулары, 2) көмірсутекті пайдалы қазбалар (көмірсутектер), 3)пайдалы қатты қазбалар. Пайдалы қатты қазбалар деп- жер қойнауында немесе жер бетінде қатты күйде болатын табиғи минералдық түзілімдер, органикалық заттар мен олардың қоспалары.

Пайдалы қатты қазбалар кендік және кендік емес болып бөлінеді. Саф металдар, қара, түсті, сирек, радиоактивті металдардың және сирек кездесетін жер элементтерінің кендері кендік пайдалы қатты қазбалар деп танылады. Қалған пайдалы қатты қазбалар кендік емес болып танылады. Құрылыс және өзге де шаруашылық мақсаттарында табиғи күйінде немесе болмашы өңделумен және тазартыла отырып пайдаланылатын және жер қойнауында кеңінен таралған кендік емес пайдалы қатты қазбалар кең таралған деп танылады.

Пайдалы қатты қазбаларды өндіру және өңдейтін кәсіпорындарда өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтамау келесідей: технологиялық процестерін сақтамау, өз жұмысына немқұрайлы қарауы, сапасыз техникалық құрылғылар мен қондырғылардың орнатылуы, қызметкерлер жеке қорғаныс құралымен қамтамасыз етілмеуі және қызметкерлердің оларды қолданбауы және тағы да басқа жағдайлар жазатайым оқиғаларға, инцидент, аварияларға әкеліп соқтырады.

ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №348 бұйрығымен бекітілген «Қатты пайдалы қазбаларды қайта өңдеу бойынша жұмыстарды жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидасы»(бұдан әрі – Қағидалар) - қатты пайдалы қазбаларды қайта өңдеу бойынша жұмыстарды жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің осы қағидалары "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-2-бабының 14) тармақшасына сәйкес әзірленген және уату-сұрыптау жылжымалы және құрастыру-бөлшектеу уату-сұрыптау және байыту қондырғыларын кесектеу (агломерация, брикеттеу, кесектеу), байыту, ұсақтау және пайдалану жөнінде қауіпті өндірістік объектілерді жобалау, салу, пайдалану, кеңейту, реконструкциялау, жаңғырту, консервациялау және жою кезіндегі ұйымдастыру мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тәртібін айқындайды. Жоғарыда аталып кеткен жазатайым оқиға, инцидент, авария, адамның өлімі немесе тағы басқа жағдайлар жұмысбарысында болмасүшін қағида талаптарынақтыланып жазылған.

Мәселен, қағиданың 1-параграф 9-тармағына сәйкес жұмысшылар мен мамандарды олардың мамандықтарына сәйкес арнаулы киіммен, арнаулы аяқ киіммен, жарамды қорғау дулығаларымен, көзілдірікпен, жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету және оларды пайдалануды міндеттеу қажет екендігі айтылған. Сонымен қатар қағиданың 1-параграф13-тармағында, кез келген жұмыскер жұмыс басталмас бұрын өз жұмыс орнының қауіпсіз күйде екеніне көз жеткізуі, жұмысқа қажет қорғағыш құрылғылардың, қорғау құралдарының, аспаптардың, тетіктердің және жұмысқа талап етілетін құрылғылардың бар болуын және жарамдылығын тексеруі тиіс. Өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының бұзылғанын айқындаған кезде жұмыскер жұмысқа кіріспес бұрын ол туралы ауысымның техникалық басшысына хабарлайды деп көрсетілген.

Заңнама талаптарын қатаң сақтай отырып орындау өнеркәсіпте басты назардаболу қажет соның негізінде болашақта болатын авария, оқыс оқиға, жазатайым оқиға, материалдық шығындардың болуына, адам өліміне, бүкіл саланың тоқырауына алдын алады.

**О.МУТАЛАПОВ,**
**Қызылорда облысының Төтенше жағдайлар департаменті өнеркәсіптік қауіпсіздік басқармасының бас маманы**

# Жыныстық жолмен жұғатын инфекциялар дегеніміз не?

Жыныс жолдары арқылы жұқтырылатын инфекциялар (ЖЖЖИ) - бұл бір адамнан екінші адамға жыныстық (сексуалдық) қатынас жасау барысында жұқтырылатын аурулар тобы. Қазіргі кезде, жыныс жолдары арқылы жұқтырылатын инфекцияларға белгілі венерологиялық (мерез, соз) аурулардан басқа хламидиоз, трихомонияз, сүйірұшты кондиломдар, гениталдық ұшық және тағы басқа да аурулар жатқызылады.

ЖЖЖИ қауіптілігі неде?

Егер емдеу дұрыс жүргізілмесе, онда көптеген ЖЖЖИ, қайталамалы түрде, ұзақ уақытқа созылады әрі көп жағдайларда асқынып: бедеулік, простатит, жыныс органдарының онкологиялық аурулары сияқты дерттерге душар етеді.

Ауру қалай басталады?

ЖЖЖИ жұқтырғаннан кейінгі аурудың алғашқы белгілері мынандай блуы мүмкін :

Жиі әрі ауырсына зәр шығару, жыныс мүшелері тұсының қышуы және ашуы, жыныс мүшелерінің өзгеше бөліндідердің шығуы, жыныс мүшелерінің немесе артқы тесіктің айналасының қызаруы, бөртуі, жара шығуы.

Өзінді ЖЖЖИ-дан қалай қорғауға болады?

Кездейсоқ қарым-қатынас жасаудан бас тарту керек.

Мүшеқап қолдану, жеке тазалық тәртібін сақтау керек, тұрмыста тек өзіңнін жеке күтім мен тазалық құралдарын пайдалану, аурудың алдын алу мақсатында жыл сайын маман дәрігерге барып тексерілу, ауру анықталған жағдайда міндетті түрде жыныстық қатынас жасаушы серігіңмен бірге тексеріліп, емделу керек.

Дұрыс тағайындалған емнен толық емделуге болады. Бұл ретте, емдеу қаншалықты ерте басталса, тез сауығу мүмкіндігі соншалықты жоғары болады. Емдеу курсын толық, тіпті ауру белгілерінің барлығы толық жойылғаннан кейін де өту керек. Ауруды қайталап жұқтырмау немесес серігіне ауру жұқтырмау үшін толық емделіп болғанға дейін жыныстық қатынас жасауды тоқтата тұру керек.

**Д.АЛИМОВА,**
**АИТВ орталығы Шиелі филиалы лаборанты**



# ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ҚОҒАМ БОЛЫП КҮРЕСУ – ЗАҢ БҰЗБАУДЫҢ ТЕТІГІ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылдың 18 қарашасында қабылданған Заң аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ұлттық баяндаманы қалыптастырады. Баяндама арқылы халыққа атқарылып жатқан шаралар толық баян етіледі. Бұл дегеніміз- сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке қоғам болып атсалысуға шақыру. Жемқорлықпен қоғам болып күресу- заң бұзушылыққа бармаудың бірден – бір тетігі. Заңның 23- бабында жұртшылықтың (жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға қатысу жөнінде кеңінен айтылған. Мысалы: Заң бойынша жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де заңды тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізе алады. Бұл нағыз өркениетті мемлекет қалыптастыру.

Мемлекеттік қызмет саласындағы бірден бір ұстанымыз-сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қағидасын ұстану болса, заң аясында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, халық ақпараттану үшін баспасөзде кеңінен ақпараттық материалдар жариялау қоғамдық жариялық деп түсінемін.

«Ақтоған ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде есептегі уақытта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі тіркелмеген.

**Е.С.АХМЕТОВ**
**Ақтоған ауылдық округі әкімі**



«БЕКІТЕМІН»
Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы
___________________ Р.Әбдіқасов
«_06___»_____10_____ 2025 жыл

## Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысының 2025 жылдың IV- тоқсанында жеке азаматтарды қабылдау кестесі

| Орталық атқарушы органның атауы | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|
| «Қармақшы аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Әбдіқасов Рауан Мұрсалұлы | Бөлім басшысы | Апта сайын, сәрсенбі жұма күні сағат 17.00- 19.00 | Жосалы кенті, Рыскулов көшесі № 35 үй | 2-31-08 |

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС
Директор-Редактор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы
Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов
Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму минитрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.
Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджіменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж
Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.
Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді
Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91
Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді
Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №230
E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы: https// ret-gazeta.kz/